

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің,  
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің және  
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін  
атқарушының кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 11 тамыздағы № 284 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 16 тамызда № 23990 болып тіркелді.

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі А.А. Сарбасовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрі*

*С. Шапкенов*

**КЕЛІСІЛДІ**

Қазақстан Республикасы

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

**КЕЛІСІЛДІ**

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрі  
2021 жылғы 11 тамыздағы  
№ 284 Бұйрығына қосымша

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Оралман мәртебесін беру немесе ұзарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 329-Ө-М бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8624 болып тіркелген):

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оралман мәртебесін беру немесе ұзарту қағидалары осы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 15 қаңтардағы Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының № 20 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13334 болып тіркелген):

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларын бекіту туралы";

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4-5) тармақшаларына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары";

аталған бұйрықпен бекітілген Оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

аталған бұйрықпен бекітілген Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

**3. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.06.2023 № 234 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Еңбек  
және халықты әлеуметтік қорғау  
министрінің және  
Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі  
міндетін атқарушының  
өзгерістер енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрінің  
2013 жылғы 22 шілдедегі  
№ 329-Ө-М бұйрығымен  
бекітілген

**Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) " Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 11-бабының 9) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және қандас мәртебесін беру немесе ұзарту тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға ;

2) қандас - бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, тарихи отанына келген және Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері;

3) этникалық қазақ - ұлты қазақ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

4) "бір өтініш" қағидаты – бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтер жиынтығын көздейтін мемлекеттік қызметті көрсетудің нысаны.

## **2-тарау. Қазақстан Республикасының аумағына өз бетінше келген этникалық қазақтарға қандас мәртебесін беру тәртібі**

3. Қандас мәртебесін беруге өтінішті (бұдан әрі - өтініш) қандас мәртебесін алуға үміткер этникалық қазақ (бұдан әрі - өтініш беруші) жергілікті атқарушы органға не Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - Стандарт) мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі

талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

4. Құжаттарды қараудың және қандас мәртебесін берудің жалпы мерзімі төрт жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Өтініш берушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) болған жағдайда құжаттарды қарау және қандас мәртебесін беру жалпы мерзімі үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорацияға өтініш берген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

5. Құжаттарды қабылдайтын жергілікті атқарушы органның не Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдаған күні ұсынылған құжаттардың толықтығын және қолданылу мерзімін тексереді.

Өтініш беруші осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес құжаттарды ұсынған кезде жергілікті атқарушы органның не Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама береді.

Бұл ретте өтініш беруші Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш берген кезде өтініш берушінің құжаттары "электрондық үкімет шлюзі" арқылы жергілікті атқарушы органға беріледі.

6. Өтініш беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда жергілікті атқарушы органның не Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдаған күні осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

7. Құжаттар келіп түскен, оның ішінде "электрондық үкімет шлюзі" арқылы келіп түскен күннен бастап жергілікті атқарушы органның қызметкері өтінішті "Қандас" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "Қандас" ААЖ) тіркейді, тіркеу өтініш беруші мен оның отбасы мүшелері (бар болса) осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасының талаптарына сәйкес келген жағдайда ғана жүзеге асырылады.

8. Жергілікті атқарушы орган өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің (бар болса) деректерін "Қандас" ААЖ арқылы оның (олардың) басқа өңірдің жергілікті атқарушы органында тіркелуі тұрғысынан тексереді.

Өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің (бар болса) басқа өңірде тіркелгені анықталған жағдайда жергілікті атқарушы орган "Қандас" ААЖ жазбасына тиісті түзетулер енгізеді.

9. Өтінішті "Қандас" ААЖ-да тіркеген кезде жергілікті атқарушы орган өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің (бар болса) деректерін "Жеке тұлғалар"

мемлекеттік дерекқоры (бұдан әрі – "Жеке тұлғалар" МДҚ) арқылы оның (олардың) ЖСН-дарының болуын тексереді.

ЖСН бар екені анықталған жағдайда жаңа ЖСН генерациясы жүзеге асырылмайды, жергілікті атқарушы орган тіркеу кезінде қолда бар ЖСН-ді пайдаланады.

"Жеке тұлғалар" МДҚ-да ЖСН болмаған кезде жергілікті атқарушы орган өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің (бар болса) деректерін өтініш беруші ұсынған құжаттардың негізінде қолмен енгізу жолымен "Қандас" ААЖ-ға енгізеді және ЖСН генерациялау үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Көші-қон полициясы" ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі - ІІМ "Көші-қон полициясы" АЖ) электрондық сұрау салу жібереді.

10. "Қандас" ААЖ-дан алынған дербес деректер негізінде ІІМ "Көші-қон полициясы" АЖ нақты уақыт режимінде ЖСН-ні генерациялау рәсімін жүзеге асырады және оны "Қандас" ААЖ-ға жібереді.

Деректер өзгерген жағдайда ("Қандас" ААЖ-ға қате деректерді енгізген немесе мәліметтерді жойған кезде) жергілікті атқарушы орган ІІМ-нің "Көші-қон полициясы" АЖ-ында дербес деректердің жүргізілген өзгерістері туралы хабарлама жібереді.

11. Қандас мәртебесін беру не одан бас тарту туралы шешімді жергілікті атқарушы орган қабылдайды және жергілікті атқарушы орган өтінішті тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

Жергілікті атқарушы орган:

1) өтініш беруші мен оның отбасы мүшелері (бар болса) осы Қағидалардың 2-тармағы 2) тармақшасына сәйкес келмеген;

2) өтініш беруші мен оның отбасы мүшелері (бар болса) осы Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасына сәйкес келмеген;

3) ұсынылған құжаттардың дәйексіздігі фактісі анықталған кезде қандас мәртебесін беруден бас тартады.

12. Көрсетілетін қызметті берушінің ұсынылған құжаттар бойынша дәлелді ескертулері болған кезде көрсетілген қызметті берушінің орындаушысы Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73- бабына сәйкес (бұдан әрі – Кодекс) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының ұстаным танытуына мүмкіндік беру үшін тыңдау өткізілетін уақыт пен орын туралы хабарлама жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы орган қандас мәртебесін беру туралы шешім қабылдайды немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырады.

Бұл ретте өтініш беруші Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш бергенде жергілікті атқарушы орган мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей "электрондық үкімет шлюзі" арқылы Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органның және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану кезінде шағым жергілікті атқарушы орган, Мемлекеттік корпорация басшысының атына беріледі.

Жергілікті атқарушы органның, Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда өтініш беруші мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Кодекстің 91-бабының 4-тармағына сәйкес шағым түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны шағымды қарайтын органға жібереді. Шағымды көрсетілетін қызметті беруші шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылданған, әкімшілік әрекет жасалған жағдайда, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда өтініш беруші халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

14. Жергілікті атқарушы органның не Мемлекеттік корпорацияның қызметкері қандас деп танылған өтініш берушіге осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қандас куәлігін береді, ал қандасдар деп танылған оның отбасы мүшелері (бар болса) өтініш берушінің куәлігіне жазылады.

15. Қандас куәлігін жоғалтқан жағдайда өтініш беруші жергілікті атқарушы органға не Мемлекеттік корпорацияға еркін нысандағы өтінішпен жүгінеді. Жергілікті атқарушы органның не Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдағаннан кейін қандас куәлігінің телнұсқасын береді.

Мемлекеттік корпорация 1 (бір) жыл ішінде құжаттардың Мемлекеттік корпорацияның ақпараттық жүйесінде сақталуын қамтамасыз етеді.

Өтініш берушінің сұрауы бойынша Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жергілікті атқарушы органнан бұрын алынған қандас куәлігін мемлекеттік корпорацияның ақпараттық жүйесінен жүктеп береді.

Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша "Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет "бір өтініш" қағидаты бойынша "Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу", "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру" және "Қазақстан Республикасының азаматтығын алуды, қалпына келтіруді және одан шығуды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен бірге осы бұйрыққа 2-қосымшаға (бұдан әрі – "бір өтініш" қағидаты бойынша қызмет) сәйкес көрсетіледі.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша қызметті көрсету мерзімдері:

Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту – 4 (төрт) жұмыс күні;

Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу – 14 (он төрт) жұмыс күні;

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру – 45 (қырық бес) күнтізбелік күн;

Қазақстан Республикасының азаматтығын алуды, қалпына келтіруді және одан шығуды тіркеу – 30 (отыз) жұмыс күні.

Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

### **3-тарау. Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелері арқылы қандас мәртебесін беру тәртібі**

16. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын этникалық қазақ осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелеріне жергілікті атқарушы органның қандас мәртебесін беруге келісімін алу туралы өтініш береді.

17. Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелері өтініш берушіге осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қандас мәртебесін беруге жергілікті атқарушы органның келісімін алу туралы оның өтінішін кіріс хат-хабар ретінде тіркеу туралы жазбаша хабарлама береді және өтініш пен құжаттарды Заңның 20-бабына сәйкес шешім қабылдау үшін халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

18. Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган жергілікті атқарушы органның қандас мәртебесін беруге келісу туралы не себептері дәлелді түрде негізделген бас тарту туралы шешімін өтініш берушіге жіберу үшін Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жібереді.

19. Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелері жергілікті атқарушы органның қандас мәртебесін беруге келісімін алғаннан кейін бір ай ішінде оны өтініш берушіге жібереді не бас тарту туралы хабарлайды.



20. Қандас мәртебесін алуға жергілікті атқарушы органның келісімін алған өтініш беруші және оның отбасы мүшелері (бар болса) қандас мәртебесін алу үшін тұрғылықты жеріне келгеннен кейін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік корпорацияға не жергілікті атқарушы органға жүгінеді.

21. Жергілікті атқарушы органның қандас мәртебесін беруге келісімін алған этникалық қазақтардың құжаттарын тіркеу және қарау осы Қағидалардың 5-15-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **4-тарау. Қандас мәртебесін ұзарту тәртібі**

22. Қандас мәртебесін ұзарту үшін оңайлатылған (тіркеу) тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтығын алу мақсатында Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алған этникалық қазақтар мемлекеттік корпорацияға не жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес бұдан бұрын берілген қандас мәртебесін ұзарту туралы өтініш береді.

Қандас мәртебесін ұзарту туралы шешімді Заңның 21-бабының 2-тармағына сәйкес жергілікті атқарушы орган алты айдан аспайтын мерзімге бір рет қабылдайды.

23. Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алған этникалық қазақтардың қандас мәртебесін ұзарту үшін ұсынған құжаттарын тіркеу және қарау осы Қағидалардың 5-8 және 12, 13-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

24. Жергілікті атқарушы орган өтініш берушінің деректерін "Қандас" ААЖ арқылы өтініш берушіде Қандас мәртебесін тоқтату және оның Қазақстан Республикасының азаматтығын алуы туралы мәліметтердің болуы тұрғысынан тексереді.

25. Жергілікті атқарушы орган өтініш тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қандас мәртебесін ұзарту туралы не қандас мәртебесін ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

"Қандас" ААЖ арқылы өтініш берушінің Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанын растау, осы Қағидалардың 22-тармағында көзделген өтініш беру мерзімінің өтуі Қандас мәртебесін ұзартудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Бас тарту үшін негіз табылған болған кезде көрсетілген қызметті берушінің орындаушысы Кодекстің 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының ұстаным танытуына мүмкіндік беру үшін тыңдау өткізілетін уақыт пен орын туралы хабарлама жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы орган қандас мәртебесін ұзарту туралы шешім қабылдайды немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырады.

**5-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

26. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2) тармақшасына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымның тіркелген күні оны қараудың мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілген қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің қызметті көрсету кезіндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым оның басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

27. Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз тасымалдағышта берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

28. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, шағымдануға Кодекстің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Қандас мәртебесін беру немесе  
ұзарту қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

(жергілікті атқарушы органның атауы) кімнен \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

(мекенжайында тұратын)

Қандас мәртебесін беру туралы

ӨТІНІШ

\_\_\_\_\_ облысында (республикалық маңызы бар қалада, астанада) тарихи отанымда тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келуіме/келуді жоспарлауыма байланысты маған және менің отбасы мүшелеріме (бар болса) қандас мәртебесін беруді сұраймын.

Отбасы мүшелері:

1) жұбайы (зайыбы) \_\_\_\_\_;

2) өтініш берушінің және жұбайының (зайыбының) ата-аналары \_\_\_\_\_;

3) балалары (оның ішінде асырап алған балалары) және олардың отбасы мүшелері \_\_\_\_\_;

4) некеде тұрмайтын, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары) \_\_\_\_\_.

Өтінішке мынадай құжаттарды:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ коса беремін.

Жергілікті атқарушы орган менің және/немесе менің отбасы мүшелерімнің (бар болса) "Қандас" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде басқа облыстың, Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдарында тіркелуін анықтаған жағдайда, менің қолда бар құжаттарымды \_\_\_\_\_ (аталған өтініш енгізілетін жергілікті атқарушы органның атауы) жіберуді, сондай-ақ "Қандас" ақпараттық жүйесіндегі тиісті жазбаны осы өтінішті беретін орын бойынша жаңартуды қамтамасыз етуді сұраймын.

Осы арқылы қандас мәртебесін беру бойынша қызмет көрсетуге қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің қолы)

Құжаттарды қабылдаған: \_\_\_\_\_

(Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

(құжаттарды қабылдаған адамның қолы)

Қандас мәртебесін беру

немесе ұзарту қағидаларына

2-қосымша

Нысан

## "Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары көрсетеді.
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО, Мемлекеттік корпорация және Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелері арқылы жүзеге асырылады (Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын этникалық қазақтар үшін).
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі - 4 жұмыс күні ішінде. Этникалық қазақтың жеке сәйкестендіру нөмірі болған жағдайда құжаттарды қараудың жалпы мерзімі және қандас мәртебесін беру 3 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті берушіде құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 30 минут, Мемлекеттік корпорацияда - 15 минут; көрсетілетін қызметті берушіде көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 30 минут, Мемлекеттік корпорацияда - 20 минут, мемлекеттік қызмет "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілген жағдайда – 60 минут.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Қағаз түрінде/"бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілген.
		Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: қандас мәртебесін беру кезінде - қандас куәлігін беру, қандас мәртебесін ұзартқан жағдайда - осы Қағидаларға 5-

5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органның шешімі.</p> <p>Мемлекеттік корпорация 1 (бір) жыл ішінде құжаттардың Мемлекеттік корпорацияның ақпараттық жүйесінде сақталуын қамтамасыз етеді.</p> <p>Өтініш берушінің сұрауы бойынша Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жергілікті атқарушы органнан бұрын алынған қандас куәлігін Мемлекеттік корпорацияның ақпараттық жүйесінен жүктеп береді не өтініш беруші қандас куәлігін электрондық үкімет порталы арқылы өз бетінше алады.</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	<p>Жұмыс кестесі:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті берушіде - <a href="http://www.enbek.gov.kz">www.enbek.gov.kz</a> интернет - ресурсында, "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде орналастырылған.</p> <p>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияда - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша, жеделдетіп қызмет көрсетусіз электрондық кезек</p>

		<p>тәртібінде көрсетіледі, портал арқылы электрондық кезекті броньдауға болады.</p> <p>Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: сағат 13.00-ден 14.00-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Мемлекеттік корпорацияның <a href="http://www.gov4c.kz">www.gov4c.kz</a> интернет-ресурсында орналастырылған.</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) өмірбаян (еркін нысанда);</li> <li>2) өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің (бар болса) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен (туу туралы куәлік, шетелдік паспорт, азаматтығы жоқ адамның куәлігі немесе этникалық қазақтардың шыққан елдерінің арнайы органдарының басқа да ресми құжаттары және үміткерлердің ұлтын растайтын басқа да құжаттар);</li> <li>3) осы қағиданың 2-тармағының 3 ) тармақшасында көзделген шарттарға сәйкестігін белгілейтін құжаттардың көшірмелері.</li> </ol> <p>Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері арқылы қандас мәртебесін беруге жергілікті атқарушы органның келісімін алған өтініш берушілер өтінішке бұрын берілген қандас мәртебесін беруге келісім туралы шешімнің көшірмесін қоса береді.</p> <p>Өтініш берушілер қандас мәртебесін ұзартқан кезде Қазақстан Республикасының азаматтығын оңайлатылған (тіркеу ) тәртіппен алу мақсатында өтінішті және бұрын берілген қандас мәртебесінің көшірмесін береді.</p>

		<p>Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, кейіннен құжаттардың түпнұсқалары (өмірбаянды қоспағанда) өтініш берушіге қайтарылады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>Қандас мәртебесін беру не одан бас тарту туралы шешімді жергілікті атқарушы орган қабылдайды және өтінішті жергілікті атқарушы орган тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес ресімделеді.</p> <p>Жергілікті атқарушы орган:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) өтініш беруші мен оның отбасы мүшелері (бар болса) осы Қағидалардың 2-тармағы</li> <li>2) тармақшасына сәйкес келмеген;</li> <li>2) өтініш беруші мен оның отбасы мүшелері (бар болса) осы Қағидалардың 2-тармағы</li> <li>3) тармақшасына сәйкес келмеген;</li> <li>3) ұсынылған құжаттардың дәйексіздігі фактісі анықталған кезде қандас мәртебесін беруден бас тартады.</li> </ol> <p>Сонымен қатар, "Қандас" ААЖ арқылы өтініш берушінің Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанын растау, Қағидалардың 24-тармағында көзделген өтініш беру мерзімінің өтуі қандас мәртебесін ұзартудан бас тарту үшін негіз болып табылады.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану, қабілетін толық немесе ішінара жоғалту мүмкіндігі бар көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері "1414", 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы</p>

арқылы өтініш жасау арқылы  
тұрғылықты жеріне барып  
жүргізеді.

Қандас мәртебесін беру  
немесе ұзарту қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

Қандас мәртебесін беруге немесе ұзартуға өтінішті қабылдау туралы

## ХАБАРЛАМА

Осы арқылы этникалық қазақ \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) оған және оның отбасы мүшелеріне (бар болса) қандас мәртебесін беру немесе ұзарту туралы өтініші \_\_\_\_\_ (жергілікті атқарушы органның атауы) қабылданғанын және заңда белгіленген тәртіппен және мерзімде қаралатынын хабарлаймыз.

Құжаттарды қабылдаған \_\_\_\_\_

(Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы).

\_\_\_\_\_ (қолы) / \_\_\_\_\_ (күні)

Қандас мәртебесін беру немесе  
ұзарту қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_ (көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ (мекенжайы)

### Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № \_\_\_\_ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын, атап айтқанда:

құжаттардың атауы:

1) \_\_\_\_\_ ;

2) \_\_\_\_\_ ;

3) ....

ұсынбауыңызға және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынуыңызға байланысты \_\_\_\_\_ мемлекеттік қызметті көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

\_\_\_\_\_



(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Орындаушы: \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Телефон \_\_\_\_\_

Алдым: \_\_\_\_\_

көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) / қолы

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Қандас мәртебесін беру немесе  
ұзарту қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

Жергілікті атқарушы органның қандас мәртебесін беру немесе ұзарту (бас тарту)  
туралы 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ ШЕШІМІ

\_\_\_\_\_ (жергілікті атқарушы органның атауы) "  
Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қандас  
мәртебесін беру немесе ұзарту (бас тарту) туралы \_\_\_\_\_ (өтініш  
берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ өтінішін қарап, \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ туралы шешім қабылдады.

Басшы \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ (жергілікті атқарушы органның атауы)

Қандас мәртебесін беру немесе  
ұзарту қағидаларына  
6-қосымша  
Нысан

**ҚАНДАС КУӘЛІГІ УДОСТОВЕРЕНИЕ КАНДАСА**

№ \_\_\_\_\_

(Жергілікті атқарушы органның атауы/наименование местного исполнительного  
органа)

_____ (Тегі/Фамилия, Аты/Имя, Әкесінің аты (бар болса)/ Отчество (при его наличии )) Туған күні, айы, жылы/Дата рождения месяц год " " _____ 20__ ж./г.	Жынысы/Пол _____ Туған жері (елі)/Место рождения _____ Азаматтығы/ Гражданство _____
--	---

Қандас куәлігінің қолданылу мерзімі

Срок действия статуса кандаса с " \_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж./г. бастап по " \_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж./г. дейін

**ЖСН/ИИН**

Қандастың кәмелет жасқа толмаған отбасы мүшелері

Несовершеннолетние члены семьи кандида

р/с № п/п	Тегі/Фамилия, Аты/Имя, Әкесінің аты (бар болса)/ Отчество (при его наличии)	Туған күні, айы, жылы/ Дата рождения месяц год	Жынысы/ Пол	Туыстық қатынасы/ Родственное отношение	ЖСН/ ИИН
1.					
2.					
3.					
....					

Ескертпе/Примечание:

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес қандас куәлігінің мерзімі қандас Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаннан кейін немесе қандас мәртебесін алған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін тоқтатылады.

В соответствии со статьей 25 Закона Республики Казахстан "О миграции населения" срок действия удостоверение кандида прекращается после получения кандидом гражданства Республики Казахстан или по истечении одного года со дня получения статуса кандида.

Жергілікті атқарушы орган басшысының (міндетін атқарушы адамның) электрондық-цифрлық қол таңбасы Электронно-цифровая подпись руководителя местного исполнительного органа (лица исполняющего обязанность) _____	Қандас мәртебесі берілген күн Дата присвоения статуса кандида 20 ____ жылғы " ____ " _____ " ____ " _____ 20 ____ года
--	---

Қандас мәртебесін беру немесе  
ұзарту қағидаларына  
7-қосымша  
Нысан

Қандас мәртебесін беруге өтінішті кіріс хат-хабар ретінде тіркеу туралы  
**ХАБАРЛАМА**

Осы арқылы этникалық қазақтың \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасының аумағына \_\_\_\_\_ (облысына, республикалық маңызы бар қалаға және астанаға) келуді жоспарлаған оған және оның отбасы мүшелеріне (бар болса) қандас мәртебесін беру туралы өтініші \_\_\_\_\_ (тіркелген күні) № \_\_\_\_\_ кіріс хат-хабар ретінде \_\_\_\_\_ (Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінің атауы) тіркелгенін және заңда белгіленген тәртіппен және мерзімде қаралатынын хабарлаймыз.

Құжаттарды қабылдаған \_\_\_\_\_

(Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы).

Қандас мәртебесін беру немесе  
ұзарту қағидаларына  
8-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_

(жергілікті атқарушы органның атауы)

кімнен \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_

(мекенжайында тұратын)

Қандас мәртебесін ұзарту туралы ӨТІНІШ

Қандас мәртебесінің тоқтатылуына байланысты және Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген (тіркеу) тәртіппен алу мақсатында маған және менің отбасы мүшелеріме қандас мәртебесінің мерзімін заңнамада белгіленген мерзімге ұзартуды сұраймын.

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын отбасы мүшелері:

1) жұбайы (зайыбы) \_\_\_\_\_;

2) өтініш берушінің және жұбайының (зайыбының) ата-аналары

\_\_\_\_\_;

3) балалары (оның ішінде асырап алған балалары) және олардың отбасы мүшелері

\_\_\_\_\_;

4) некеде тұрмайтын, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары \_\_\_\_\_).

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(өтініш берушінің қолы)

Құжаттарды қабылдаған: \_\_\_\_\_

(құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(құжаттарды қабылдаған адамның қолы)

Қазақстан Республикасы Еңбек  
және халықты әлеуметтік қорғау  
министрінің және  
Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі  
міндетін атқарушының  
өзгерістер енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасы

## **Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-бабы 4-5) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және қандас мәртебесін алған этникалық қазақты және оның отбасы мүшелерін қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға ;

2) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері - Қазақстан Республикасының шетелде орналасқан дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, сондай-ақ консулдық мекемелері;

3) қандас - бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, тарихи отанына келген және Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері;

4) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) - Қазақстан Республикасының Үкіметі айықындаған өңірлердің

жергілікті атқарушы органдары құрған қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу жөніндегі тиісті комиссиялар;

5) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы - Заңның 8-бабы 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қандастардың немесе қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

6) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган - өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы басшылықты, көші-қон процестерін реттеуді, халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) жергілікті атқарушы орган - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) басшылығымен өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды басшылыққа алатын алқалы атқарушы орган;

8) этникалық қазақ-ұлты қазақ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам.

9) "бір өтініш" қағидаты – бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтер жиынтығын көздейтін мемлекеттік қызметті көрсету нысаны.

## **2-тарау. Қазақстан Республикасының аумағына өз бетінше келген этникалық қазақтарды қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу тәртібі**

3. "Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін Қазақстан Республикасының аумағына өз бетінше келген, қандас мәртебесін алған этникалық қазақтар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету үшін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) қажет құжаттардың тізбесінде аталған құжаттарды қоса бере отырып облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдарына (бұдан әрі – қызметті беруші) не Мемлекеттік корпорацияға Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

3-1. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты нысанында келтірілген.

4. Мемлекеттік корпорация қандастың тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін, қандаста және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің келетін елді мекенде меншік құқығында тиесілі тұрғын үйінің болуын растайтын мәліметтерді "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

5. Мемлекеттік корпорация өтініш берушіден мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету үшін қажет құжаттардың тізбесінде аталған өтініштер және құжаттарды келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күші ішінде оларды қызметті берушіге жолдайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Құжаттарды қабылдап алған адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіле отырып, кіріс құжаттарын қабылдаған күні, уақыты және нөмірі бар көрсетілетін қызметті берушінің мөртаңбасы қойылған көрсетілетін қызметті алушы өтінішінің көшірмесі көрсетілетін қызметті алушыдан көрсетілетін қызметті берушінің қабылдап алғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған, сондай-ақ қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидалардың 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген кезде, қызметті алушы тарапынан құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған және қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды берілген жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидалардың 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі.

6. Қызметті беруші қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш білдіруші қандастарды этникалық қазақтардың тізімін қалыптастырады және өтініштерді алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияға қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу не одан бас тарту туралы шешім қабылдау үшін жолдайды.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2 тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

7. Комиссия өтініш білдіруші қандастардың тізімдерін алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы не осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес

нысан бойынша қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Комиссия этникалық қазақтардың өтініштері мен құжаттарын қараған кезде олардың Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетінін тексереді.

8. Қазақстан Республикасының аумағына өз еркімен келген және қандас мәртебесін алған этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерін қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тарту үшін негіздеме:

1) ұсынған құжаттарда деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;

2) этникалық қазақтың өтінішінде көрсетілген әкімшілік-аумақтық бірлікте қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасының болмауы болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің ұсынылған құжаттар бойынша дәлелді ескертулері болған кезде көрсетілген қызметті берушінің орындаушысы Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73- бабына сәйкес (бұдан әрі – Кодекс) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының ұстаным танытуына мүмкіндік беру үшін тыңдау өткізілетін уақыт пен орын туралы хабарлама жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы орган қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім қабылдайды немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырады.

9. Қызметті беруші Комиссия тарапынан шешім қабылданғаннан соң бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім жолдайды.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы тапсырған жағдайда қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім қызметті беруші тарапынан одан әрі өтініш берушіге беру үшін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша "Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет "бір өтініш" қағидаты бойынша "Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алғаннан кейін, "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру" және "Қазақстан Республикасының азаматтығын алуды, қалпына келтіруді және одан шығуды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен бірге осы бұйрыққа 2-қосымшаға (бұдан әрі – "бір өтініш" қағидаты бойынша қызмет) сәйкес көрсетіледі.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша қызметті көрсету мерзімі – 94 (тоқсан төрт) жұмыс күні, оның ішінде:

Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту – 4 (төрт) жұмыс күні;

Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу – 14 (он төрт) жұмыс күні;

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру – 60 (алпыс) жұмыс күні;

Қазақстан Республикасының азаматтығын алуды, қалпына келтіруді және одан шығуды тіркеу – 30 (отыз) жұмыс күні.

Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

### **3-тарау. Қазақстан Республикасының аумағына келгенге дейін этникалық қазақтарды қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу тәртібі**

10. Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұратын этникалық қазақтар Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету үшін қажет құжаттардың тізбесінде көзделген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы аумағындағы болжамды тұратын өңірін көрсете отырып, қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш береді.

11. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұратын этникалық қазақтардың өтініштерін қоса берген құжаттарымен бірге халықтың көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жолдайды.

12. Халықтың көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті органы Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұратын этникалық қазақтардың өтініштерін қоса берілген құжаттарымен бірге өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органға жолдайды.

13. Қызметті беруші өтініштер келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу не бас тарту туралы шешім қабылдау үшін Комиссияның қарауына жолдайды.

14. Комиссия этникалық қазақтардың өтініштері мен құжаттарын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге одан келісім беру немесе бас тартудың себептерін уәжді түрде негіздей отырып, бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Комиссия этникалық қазақтардың өтініштері мен құжаттарын қараған кезде олардың Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетінін тексереді.



15. Этникалық қазақтарды Қазақстан Республикасының аумағына келгенге дейін қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге келісуден бас тарту үшін негіздеме болып:

1) ұсынған құжаттарда деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;

2) этникалық қазақтың өтінішінде көрсетілген әкімшілік-аумақтық бірлікте қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасының болмауы табылады.

16. Қызметті беруші үш жұмыс күнінен кешіктірмей қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге келісу не одан бас тарту туралы шешімді (бұдан әрі – шешім) ақпаратты халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

17. Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган шешімді алған күннен бастап бес жұмыс күні Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелеріне өтініш берушіге жеткізу үшін жолдайды.

18. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері шешімді алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде оны өтініш берушіге жолдайды.

19. Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге келісім беру туралы этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелері қандас мәртебесін алғанан кейін тұратын жеріне келген кезде жергілікті атқарушы органға не Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүгінеді.

20. Өтінішке қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге келісім беру туралы бұдан бұрын қабылдаған шешімінің көшірмесі қоса беріледі.

21. Қызметті беруші орган үш жұмыс күнінен кешіктірмей қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініштерді Комиссияға қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім қабылдау үшін жолдайды.

22. Комиссия өтінішті алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге келісім беру туралы бұдан бұрын қабылданған шешімді ескере отырып, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім қабылдайды.

23. Қызметті беруші Комиссия шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде өтініш берушіге қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілгені туралы шешімді жолдайды.

24. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша уәкілетті орган және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

Уәкілетті органның атына келіп түскен арыз берушінің шағымы оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда өтініш беруші мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағым оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

25. Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз тасымалдағышта берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

26. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, шағымдануға Кодекстің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Қандастарды қабылдаудың  
өңірлік квотасына енгізу  
қағидаларына  
I-қосымша  
Нысан

**Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы Өтініш \_\_\_\_\_  
(жергілікті атқарушы органның атауы)**

Мені/мені және менің отбасы мүшелерін өңірлік қандастар квотасына қосуыңызды өтінемін

ЖСН	
Т.А.Ә. (бар болса)	
Туған күні, айы, жылы	
Жынысы	
Мекенжайы	

Менің Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын келесі отбасылық құрам бар (қажет болған жағдайда толтырылады): зайыбы (жұбайы), өтініш берушінің ата-аналары, балалары (оның ішінде асырап алған), аға-інілері мен апа-сіңлілері (аға-қарындастары).

ЖСН	Т.А.Ә. (бар болса)	Туыстық дәрежесі	Туған күні	Азаматтығы	Ұлты
1	2	3	4	5	6

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

\_\_\_\_\_;  
\_\_\_\_\_;

Мен "Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу" мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті жеке деректерімді жинауға және өңдеуге келісімімді беремін.

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің қолы)

(Т.А.Ә., құжаттарды қабылдаған адамның лауазымы)

Қандастарды қабылдаудың  
өңірлік квотасына енгізу  
қағидаларына  
2-қосымша

"Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО, Мемлекеттік корпорация және Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелері арқылы жүзеге асырылады (Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын этникалық қазақтар үшін), Халықты жұмыспен қамту орталықтары, "электрондық үкімет" веб-порталы: <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> .
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі - 14 жұмыс күні ішінде. Құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты: көрсетілетін қызметті берушіде - 30 минут, Мемлекеттік корпорацияда - 15 минут. Көрсетілетін қызметті берушіде қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 30 минут, Мемлекеттік корпорацияда - 20

		минут, мемлекеттік қызмет "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілген жағдайда – 60 минут.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны және нәтижесі	Электронды (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде және (немесе) "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін.
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері	Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу немесе бас тарту туралы шешім.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.
		<p>1) көрсетілетін қызметті берушіде - <a href="http://www.enbek.gov.kz">www.enbek.gov.kz</a> интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.</p> <p>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияда - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша, жеделдетіп қызмет көрсетусіз электрондық кезек тәртібінде көрсетіледі, портал арқылы электрондық кезекті брондауға болады.</p> <p>Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:</p>

7

Жұмыс кестесі

сағат 13.00-ден 14.00-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ға дейін.

Халықты жұмыспен қамту орталықтарында өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: сағат 13.00-ден 14.00-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ға дейін.

Порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері өтініш жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және " Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы заңының 5-бабына сәйкес өтініштер қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Телефон және/немесе көрсетілетін қызметті алушының тікелей жүгінуі арқылы алдын ала жазылу қарастырылған.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Мемлекеттік корпорацияның [www.gov4c.kz](http://www.gov4c.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

8

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі

Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу үшін:

- 1) Жеке басты куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін) және оның отбасы мүшелері (бар болған жағдайда)
- 2) Неке немесе некені бұзу туралы куәліктің көшірмесі (болған жағдайда)
- 3) Білімін, біліктілігін және белгілі бір мамандық бойынша жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың (бар болса) не еңбек

		кітапшасының (бар болса) көшірмелері немесе жұмыс орнынан анықтама.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тарту негіздері: 1) Ұсынылған құжаттарда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау. 2) Этникалық қазақтың өтінішінде көрсетілген аумақтық-әкімшілік бірлікте қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасының болмауы.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану қабілетін толық немесе ішінара жоғалтқан өтініш берушілерге мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну жолымен жүргізеді .

Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларына 3-қосымша  
Нысан

## Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы ҚОЛХАТ

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № \_\_\_\_ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын, атап айтқанда:

құжаттардың атауы:

1) \_\_\_\_\_ ;

2) \_\_\_\_\_ ;

3) ....

ұсынбауыңызға және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынуыңызға байланысты \_\_\_\_\_ мемлекеттік қызметті көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы  
Орындаушы:


тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Телефон \_\_\_\_\_

Алдым: \_\_\_\_\_

көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/ қолы

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_



Жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ

Қандастарды қабылдаудың  
өңірлік квотасына енгізу  
қағидаларына 4-қосымша  
Нысан

Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотаға енгізу туралы ШЕШІМ 20\_\_ жылдың " \_\_ " \_\_  
№ \_\_\_\_\_ (

Жергілікті атқарушы органның атауы)

Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотаға енгізу бойынша комиссия Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі "Халықтың көші-қоны туралы" Заңына сәйкес қарап, оң шешім қабылдады:

ЖСН	
Т.А.Ә. (бар болса)	
Туған күні, айы, жылы	
Жынысы	
Мекенжайы	

Отбасы мүшелері (бар болса):

ЖСН	Т.А.Ә.	Туған күні, айы, жылы	Жынысы	Туыстық дәрежесі



Жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ

Қандастарды қабылдаудың  
өңірлік квотасына енгізу  
қағидаларына 5-қосымша  
Нысан

Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотаға енгізуден бас тарту туралы ШЕШІМ 20\_\_ жылғы  
"\_\_" \_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (Жергілікті атқарушы органның атауы)

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі "Халықтың көші-қоны туралы" Заңына сәйкес.


1	Өтініш нөмері	
2	Мәртебесі	
3	Өтініш түрі	
4	Қабылдаған күн	
5	Орындалған күн	

Қызмет алушы жөнінде мәліметтер:

№	ЖСН	Т.А.Ә.	Туған күні	Жынысы	Туыстық дәрежесі
1					
2					
3					

Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотаға енгізуге бас тартудың негіздемесі:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_



Жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ

Қазақстан Республикасы Еңбек  
және халықты әлеуметтік қорғау  
министрінің және  
Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі  
міндетін атқарушының  
өзгерістер енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
3-қосымша  
Қазақстан Республикасы



## **Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-бабы 4-5) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының азаматтарын қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу тәртібін көздейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға ;

2) қоныс аударушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударатын ішкі көшіп-қонушы;

3) өңірлік комиссия (бұдан әрі – Комиссия) – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының жанындағы, жергілікті өкілді органдардың, жұмыс берушілер өкілдерінің, кәсіптік одақтардың және облыстар, республикалық маңызы бар қала және Астана кәсіпкерлер палатасының қатысуымен жұмыспен қамту бағдарламаларын іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;

4) қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы – Заңның 8-бабының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге

тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қоныс аударушылардың немесе қоныс аударушылар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

5) жергілікті атқарушы орган – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) басшылығымен өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды басшылыққа алатын алқалы атқарушы орган;

6) халықты жұмыспен қамту орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

7) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы басшылықты, көші-қон процестерін реттеуді, халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

## **2-тарау. Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу тәртібі**

3. Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу тұрақты тіркеуден өткен және шыққан өңірінде өтініш беру сәтінде кемінде бір жыл тұрған қоныс аударушы шыққан өңірінің облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдарына (бұдан әрі – қызметті беруші) халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы берген өтініші негізінде жүзеге асырылады.

4. "Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қоныс аударушылар не отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі (бұдан әрі – қоныс аударушылар) осы Қағидаларға 2 - қосымшаға сәйкес "Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету үшін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) қажет құжаттардың тізбесінде аталған құжаттарды қоса бере отырып, қызметті берушіге, Халықты жұмыспен қамту орталықтарына не Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

"Мәңгілік ел жастары - индустрияға!" ("Серпін") жобасының түлектері оқу орнынан аталған жобаға қатысуын растайтын анықтама ұсынады.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары қоныс аударушылардың тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін онда және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің келетін елді мекенде меншік құқығында тиесілі тұрғын үйінің болуын растайтын мәліметтерді " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

5. Халықты жұмыспен қамту орталықтары қоныс аударушылардың өтініштерін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажет құжаттардың тізбесінде аталған қоса берілген құжаттармен бірге қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде шығу өңірлерінің жергілікті атқарушы органына жолдайды және ол туралы қоныс аударушыларды (еркін нысанда) хабардар етеді.

6. Шығу өңірінің қызметті берушісі қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге өтініш білдірген қоныс аударушылардың еңбек етуге қабілетті отбасы мүшелерін қоса алғанда, отбасылар санын, құрамын, біліктілігін көрсете отырып, олардың тізімдерін қалыптастырады және оларды ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей қоныс аударушыларды қабылдау өңірлерінің жергілікті атқарушы органдарына жолдайды.

7. Қоныс аударушыларды қабылдау өңірінің қызметті берушісі қоныс аударушылардың тізімі түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу не одан бас тарту туралы ұсынымдар шығару үшін өңірлік комиссияның қарауына жолдайды.

8. Комиссия өтініш білдіруші қоныс аударушылардың тізімін алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде оларды қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу не одан бас тарту себептерін уәжді түрде негіздей отырып, шешім қабылдайды.

Комиссия қоныс аударушылардың өтініштері мен құжаттарын қараған кезде олардың "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келетінін тексереді.

9. Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тарту үшін негіздеме:

- 1) ұсынған құжаттарда деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;
- 2) бөлінген қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасының мөлшерінен асып кетуі болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің ұсынылған құжаттар бойынша дәлелді ескертулері болған кезде көрсетілген қызметті берушінің орындаушысы Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73- бабына сәйкес (бұдан әрі – Кодекс) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының ұстаным танытуына мүмкіндік беру үшін тыңдау өткізілетін уақыт пен орын туралы хабарлама жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы орган қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім қабылдайды немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырады.

10. Қоныс аударушыларды қабылдау өңірінің қызметті берушісі өңірлік комиссияның ұсынымы негізінде өңірлік комиссияның ұсынысы келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

11. Қоныс аударушыларды қабылдау өңірінің қызметті берушісі шешім қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде шығу өңірінің жергілікті атқарушы органына қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешімін көшірмесін жолдайды.

12. Қоныс аударушылардың шыққан өңірінің қызмет берушісі шешімнің көшірмесін алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қабылданған шешімдердің көшірмелерін халықты жұмыспен қамту орталықтарына жолдайды.

13. Халықты жұмыспен қамту орталықтары өтініш берушілерді хабардар етеді және қоныс аударушыларды қабылдау өңірінің жергілікті атқарушы органдарымен қабылдаған шешімдерінің көшірмелерімен байланыс қызметтері арқылы қамтамасыз етеді.

14. Шыққан өңірлерінен қоныс аударушыларды қабылдау өңірлеріне өз бетінше келген және сонда алты айдан артық тұрмаған қоныс аударушылар, сондай-ақ " Мәңгілік ел жастары - индустрияға!" ("Серпін") жобасының түлектері оқу орнын аяқтаған соң алты ай мерзімінде және қоныс аударушыларды қабылдау өңірлерінде тіркелуіне тәуелсіз халықты жұмыспен қамту орталығына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажет құжаттардың тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

15. Қоныс аударушыларды қабылдау өңірінің қызметті берушісіне осы Қағидалардың 14-тармағында көзделген қоныс аударушылар жүгінген кезде оларды қоныс аударушыларды қабылдаудың (келісудің) өңірлік квотасына енгізу не одан бас тарту туралы шешім осы Қағидалардың 7, 8, 9 және 10-тармақтарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша уәкілетті орган және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

Уәкілетті органның атына келіп түскен арыз берушінің шағымы оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда өтініш беруші мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағым оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

17. Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз тасымалдағышта берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

18. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, шағымдануға Кодекстің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Қоныс аударушыларды  
қабылдаудың өңірлік квотасына  
енгізу қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

**Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы Өтініш \_\_\_\_\_  
(Жергілікті атқарушы органның атауы)**

Мені/мені және менің отбасымының мүшелерін өңірлік қоныс аударушыларды қабылдаудың квотасына қосуыңызды өтінемін

ЖСН	
Т.А.Ә. (бар болса)	
Туған күні, айы, жылы	
Жынысы	
Мекенжайы	

Төмендегідей отбасымның құрамы бар:

ЖСН	Т.А.Ә. (бар болса)	Туыстық дәрежесі	Туған күні	Азаматтығы	Ұлты
1	2	3	4	5	6

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

\_\_\_\_\_;

\_\_\_\_\_;

Мен "Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу" мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті жеке деректерімді жинауға және өңдеуге келісімімді беремін.

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_  
(өтініш берушінің қолы)

(Т.А.Ә., құжаттарды қабылдаған адамның лауазымы)

Қоныс аударушыларды  
қабылдаудың өңірлік квотасына  
енгізу қағидаларына  
2-қосымша

"Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) қызметті беруші; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация); 3) Халықты жұмыспен қамту орталықтары; 4) "электрондық үкімет" веб-порталы: <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> .
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі - 14 жұмыс күні ішінде. Құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты: көрсетілетін қызметті берушіде - 30 минут, Мемлекеттік корпорацияда - 15 минут. Көрсетілетін қызметті берушіде қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 30 минут, Мемлекеттік корпорацияда - 20 минут.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны және нәтижесі	Электронды (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде/ "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілген

5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері	Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу немесе бас тарту туралы шешім.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіде - <a href="http://www.enbek.gov.kz">www.enbek.gov.kz</a> интернет-ресурсында, "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде орналастырылған. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияда - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша, жеделдетіп қызмет көрсетусіз электрондық кезек тәртібінде көрсетіледі, портал арқылы электрондық кезекті броньдауға болады. Халықты жұмыспен қамту орталығы – дүйсенбіден бастап жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.00-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ға дейін. Порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының</p>

		<p>еңбек заңнамасына және " Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы заңының 5-бабына сәйкес өтініштер қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Телефон және/немесе көрсетілетін қызметті алушының тікелей жүгінуі арқылы алдын ала жазылу қарастырылған.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Мемлекеттік корпорацияның <a href="http://www.gov4c.kz">www.gov4c.kz</a> интернет-ресурсында орналастырылған.</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу үшін:</p> <p>1) Қоныс аударушының және оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері (бар болса)</p> <p>2) Неке немесе некені бұзу туралы куәліктің көшірмесі (болған жағдайда)</p> <p>3) Білімін, біліктілігін және белгілі бір мамандық бойынша жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың (бар болса) не еңбек кітапшасының (бар болса) көшірмелері немесе жұмыс орнынан анықтама.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тарту негіздері:</p> <p>1) Ұсынылған құжаттарда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау.</p> <p>2) Осы стандарттың 8-тармағында көзделген ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісін анықтау.</p> <p>Қоныс аударушының өтінішінде көрсетілген аумақтық-әкімшілік бірлікте қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасының болмауы.</p>



		"Мәңгілік ел жастары - индустрияға" ("Серпін") жобасының түлектері оқу орнынан осы жобаға қатысуын растайтын анықтама ұсынады.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану қабілетін толық немесе ішінара жоғалтқан өтініш берушілерге мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну жолымен тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан


**Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотаға енгізу туралы ШЕШІМ 20\_\_ жылғы "**  
**" № \_\_\_\_\_**  
**(Жергілікті атқарушы органның атауы)**

Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотаға енгізу бойынша комиссия Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі "Халықтың көші-қоны туралы" Заңына сәйкес қарап, оң шешім қабылдады:

ЖСН	
Т.А.Ә. (бар болса)	
Туған күні, айы, жылы	
Жынысы	
Мекенжайы	

Отбасы мүшелері (бар болса):

ЖСН	Т.А.Ә.	Туған күні	Жынысы	Туыстық қатынастар



Жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ

Қоныс аударушыларды

қабылдаудың өңірлік квотасына  
енгізу қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

**Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотаға енгізуден бас тарту туралы ШЕШІМ**  
**20\_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_**  
**(Жергілікті атқарушы органның атауы)**

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі "Халықтың көші-қоны туралы" Заңына сәйкес.


1	Өтініш нөмері	
2	Мәртебесі	
3	Өтініш түрі	
4	Қабылдаған күн	
5	Орындалған күн	

Қызмет алушы туралы мәліметтер:

№	ЖСН	Т.А.Ә.	Туған күні	Жынысы	Туыстық дәрежесі
1					
2					
3					

Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотаға енгізуге бас тартудың негіздемесі:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_



Жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ

Қоныс аударушыларды  
қабылдаудың өңірлік квотасына  
енгізу қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

**Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы ҚОЛХАТ**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес

акционерлік қоғамы филиалының № \_\_\_\_\_ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын, атап айтқанда:

құжаттардың атауы:

1) \_\_\_\_\_ ;

2) \_\_\_\_\_ ;

3) ....

ұсынбауыңызға және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынуыңызға байланысты \_\_\_\_\_ мемлекеттік қызметті көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

—  
(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы Орындаушы:


—  
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Телефон \_\_\_\_\_

Алдым: \_\_\_\_\_

көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/ қолы

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_



Жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ